

Өскемен қалалық мәслихатының шығып қалған депутатының орнына № 16 сайлау округі бойынша үміткерлердің үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысының Өскемен қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 15 ақпандағы N 5683 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Өскемен қалалық Әділет басқармасында 2010 жылғы 03 наурызда № 5-1-134 тіркелді. Күші жойылды - ШҚО Өскемен қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 9 сәуірдегі N 6632 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ШҚО Өскемен қаласы әкімдігінің 2010.04.09 N 6632 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңының 28 бабының 6 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабының 2 тармағына сәйкес, Өскемен қаласының әкімдігі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Өскемен қалалық мәслихатының шығып қалған депутатының орнына № 16 сайлау округі бойынша үміткерлердің үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін келесі мекенжайлар бойынша орындар белгіленсін:

«Жастар» гастрономы автобус аялдамасының маңында (Потанин көшесі);

«ШҚМТУ» автобус аялдамасының маңында (Серікбаев көшесі бойынша тура б а ғ ы т т а) ;

«ШҚМТУ» автобус аялдамасының маңында (Серікбаев көшесі бойынша кері б а ғ ы т т а) ;

«Студенттер қалашығы» автобус аялдамасы маңында (Серікбаев көшесі б о й ы н ш а к е р і б а ғ ы т т а) ;

«Ивушка» автобус аялдамасы маңында (Виноградов көшесі);

«Дос-Нар» базары маңында (Виноградов көшесі, 17а).

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Өскемен қаласының әкімі

И. Әбішев

